

**Смағұлова С.О.**

## **Қазақстандағы алфавит реформалары**

(XX ғ. басы – 20-40 жж.)

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,  
Алматы (Қазақстан)

XX ғасырда Қазақстанда жазу мәселесі үш рет өзгеріске ұшырады. Ғасыр басынан қазақ жұрты арасында, мерзімді басылымда, мектеп-медреселерде кең түрде қолданылып келген араб жазуындағы әліпби болса, кеңестік жүйе орныққаннан кейін XX ғасырдың 20-40 жж. Қазақстанда жазуды өзгертуге байланысты екі бірдей реформа іске асырылды. Оның бірі – 30 ж. басында араб жазуынан латын әліпбиіне, екіншісі - 1940 жылы латындандырылған қазақ жазуын орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру болды.

Ең алғашқы А. Байтұрсыновтың құрастырумен қазақ тіліне икемделген араб жазуындағы әліпбиі 1913 жылдардан бастап Қазақстанның мектеп-медреселерінде қолданыла бастады. Оның бұл әліпбиін қазақ жұртшылығы, әсіресе мұғалімдер қауымы ешбір талассыз қабылдады. Мұның себебін ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі, ф.ғ.д. Р. Сыздықова қазақ тілінің табиғатына, яғни сингармонизм заңдылығына сүйеніп, ғылыми негізде жасалған әліпби ретінде бағалады [1].

Араб таңбаларын қазақ тілінің фонетикалық табиғатына лайықтап жасалған «жаңа емлемен» бірнеше жаңа оқулықтар жарық көрді. 20-жылдардың басында А. Байтұрсыновтың «Төте жазу әліппесі» халық арасында кең қолдау тауып, 1924 жылы маусым айында Орынборда өткен қазақ-қырғыз білімпаздарының тұңғыш съезінде араб әріпіне лайықтанған қазақ графикасы қабылданды.

А. Байтұрсыновтың «Төте жазу әліппесі» зиялылар тарапынан кең қолдау тапқанымен, латын жазуына көшу мәселесі кең етек алғандықтан, араб жазуына қарсы шығушылардың қатары күннен-күнге көбейе түсті.

Жалпы XX ғасырдың 20-жылдары латын әліпбиіне көшу мәселесін алғашқы болып көтерген әзербайжан ғалымдары болды. Олардың бастамасы Дағыстан, Қазақстан және т.б. түркі елдері интеллигенциясы арасында қызығушылық тудырып, араб алфавитін латын алфавитіне ауыстыру мәселесі кең өріс алды.

Әзербайжан зиялылары 1922 жылы «Жаңа әліппе комитеті» құрып, 1923 жылы «Яна-Юл» (Жаңа жол) газеті мен «Келешек» атты журналы жарық көрді. Жаңа әріп негізінде осы жылдан бастап латын әрібінде бірнеше әдебиеттер шығарылып, халықтың талқысына салынды. Мектептер үшін латын әрібінде бірнеше I және II сатылы оқулықтар, құралдар және әдебиеттер даярланды.

Мерзімді басылымдарда көтерілген бұл мәселе төңірегіндегі айтыстардан кейін 1924 жылы Әзербайжан үкіметі латын әліппесінің негізінде құрылған жаңа әліппе шығару турасында декрет қабылдады [2].

Түркіменстанда жаңа әліпби комитеті 1926 жылы ашылып, 100 пұт латын әрібін алдыртып, 400 оқытушыны даярлауға және латыншылар ұйымын ашуға кіріссе, ал Өзбекстанда латыншылар қозғалысы қызу жұмыс жүргізіп, 1926 жылы Самарқанда бірнеше жаңа әліппешілер сиезі мен конференциялар өткізді. 1925 жылдың мамырында Пішпек қаласында қырғыз оқытушылары съезд ашып, онда жаңа латын жазуына көшу мәселесін көтерді. Бұл съезге қазақ зиялыларынан А. Байтұрсынов қатысады.

1925 жылы Орта Азияның халық ағарту саласының қызметкерлері әзербайжандықтарға латын әліпбиіне көшу тәжірибесімен бөлісуді өтінген арнайы хат жолдады. Осы жылдың 1 наурызында Солтүстік Кавказдың тау халықтарының ағарту саласына арналып өткізілген 2-ші конференциясында ингуш, кабардин, қарашай, әдігей, шешен халықтарының жазуын латынға көшіру турасында шешім қабылданды. Ал 28 желтоқсанда Орталық Атқару Комитетінің Төралқасы қаулысына орай жаңа латын әліпбиін бірдей деңгейде қолдану турасындағы қаулысы қабылданды және Якутия латын жазуына көшіріле бастады.

Қазақ интеллигенциясының алдыңғы қатарлы өкілдері, оқушы жастар, оқытушылар латын әрпіне негізделген жаңа әліпбиге көшу мәселесін көтеріп, осы жаңа әліпби төңірегінде айтыс-тартыстар өрбіді. Әліппе мәселесіне байланысты ұлт зиялылары екі қанатқа бөлінді. Оның бірі – А. Байтұрсынов бастаған зиялылар болса, екіншісі латын әрібіне көшу мәселесін көтерген Н. Төреқұлов, М. Мұрзин тобындағы ұлт өкілдері еді.

Қазақ ұлт зиялыларының да латын әліпбиін насихаттаған еңбектері жарық көре бастады. 1924 жылы Нәзір Төреқұловтың «Жаңа әліпби неге керек?» деген кітабы Мәскеуде басылды. Әліпбиді өзгерту мәселесінің қайдан шыққандығына тоқтала отырып, латын әрібіне көшудің негізгі себебі араб әрібінің оқу мен жазуда қолайсыздығында деп көрсетті [3].

1925 жылдан бастап жаппай Қазақстанның мектептерінде, жеке кәсіпорындарында және мекемелерінде латыншылардың «Жаңа әліпбишілер үйірмесі» немесе «Латыншылар үйірмесі» құрыла бастады. Соңғылары тек айтыс-тартыс жиналыстарын ғана емес, арнайы жаңа әліпбиді үйрететін үйірме сабағын да ұйымдастырды, баяндамашылар үшін тезистер құрастырды, жергілікті газеттерге ұжымдық мақалалар жазды және т.б. іс-шараларды жүргізді.

1925 жылы Н. Төреқұловтың екінші «Жаңа әліпби туралы» кітабы жарық көрді. 1926 ж. ақпанда Баку қаласында өткізілген Бүкілодақтық І-түркологиялық съезі КСРО-ның түркі тілдес халықтарының жазуын латын әрпіне ауыстыруға арналды. Осы съезде Жаңа түрік алфавитінің Орталық комитеті құрылды. Съезге дейін көпшілік ұлт республикаларында латындандыру мәселесі бойынша оқытушылармен кеңестер жүргізу, арабшылармен пікірталас өткізу, кейбір республикаларда латын әліпбиін сараптамадан өткізіп, жариялау сияқты бірқатар жұмыстар жүргізілді.

Бүкілодақтық І-ші түрікшілер съезі тіл, жазу мәселесімен айналысқан әлемнің аса талантты ғалымдарының басын қосты. Съезге Қазақстаннан Ахмет Байтұрсынов, Елдес Омаров, Біләл Сүлеев, Әзиз Байсейітов, Нәзір Төреқұлов және т.б. Қаз АКСР Ағарту Халық комиссариаты мен зиялы қауым өкілдері қатынасты.

Съезге қатысушылар екі топқа бөлініп, бірі араб әрібінің түркі халқы үшін маңыздылығын айтса, екінші топ латынға көшу аса қажеттігін дәлелдеді. А. Байтұрсынов бастаған қазақ арабшылары латындандыруға қарсы болып, съезде реформаланған араб әліпбиін қабылдаттыруға барлық күштерін салды. Дегенмен жаңа латын әліппесін жақтаушылар басым түсіп, латын әліппесінің негізінде құрылған жаңа түрік әліппесін алуға қарар шығарылды. Түрікшілер съезі латындандыруға көшу ісінде аса зор рөл атқарды. Өз жерлеріне қайтып оралған соң республика делегаттары жұмыстарына кірісті.

1927 жылы латын әрібін алу жолындағы білімпаздардың арасында болған айтыс-тартысын жинақ ретінде Қазақстан жаңа әліппе комитетінің тапсырмасымен Қазақстан мемлекеттік баспасынан «Жаңа әліппе жолында» деген атпен басылып шықты. Бұл жинаққа латын жазуына көшуді ұсынған бастамашылар Н. Төреқұлов пен М. Мұрзиннің сөйлеген сөздерінен бастап, В. Бартольд, Л. Жирков сияқты атақты ғалымдардың да жаңа әліпбиге қатысты айтқан пікірлері енгізілді.

Латындандыру барысында ұлт республикалары Орталық Атқару Комитеті, өлкелік, аудандық атқару комитеттері жанындағы көмектесу бөлімдері үлкен рөл атқарды. Бұл, әсіресе, латындандырудың орталық штабы Бүкілодақтық жаңа түрік әліпбиінің орталық комитеті құрылғаннан кейін күшейді. Бүкілодақтық орталық комитетінің пленумдарында бірнеше принциптік мәселелер қарастырылып, шешілді. Бүкілодақтық орталық комитет құрылғанға дейін латындандыру ісінде біртұтас басшылық болмады. Жер-жерлерде жаңа әліпбиді жасау ісі бұрынырақ басталған-ды. Территориясы араласып жатқан және тіл жағынан туысқан республикалар да бірыңғай дыбыстарды әр түрлі сызбамен қабылдады.

Қазақстандағы жаңа әліпбиді жасау ісі арнайы комитетке біріктірілген білікті, жоғары маманданған ғалымдарға, тіл мамандарына тапсырылды. 1927 жылы түрік республикалары комитеттерінің бастамасымен жаңа әліппенің Бүкілодақтық Орталық комитеті құрылды.

Латын әліпбиін енгізуді жүзеге асыру туралы мемлекеттік бағдарлама негізіндегі Қаз АКСР үкіметінің қарарлары бойынша жергілікті өкімет пен халық ағарту органдары жаңа әліпбиді үйрету жұмыстарын жан-жақты жүргізді. Ол үшін әр түрлі оқыту әдістері, соның ішінде алыс ауылдар мен қыстауларға мәдени жорықтар да қолданылды. Жаңа латын әліпбиін халық арасында белсенді түрде енгізу барысында ауылдар, аудандар, округтар, оқытушылар бірлестіктері мен қоғамдық ұйымдар арасында социалистік жарыстар өткізу әдісі қолданылды. Қазақстанның еңбекші табы бұл мәдени жорыққа белсенді түрде қатынасты.

Қазақстанда мектептер мен жоғарғы оқу орындарында латын әліпбиі бірден енгізілді де, іс қағаздарына енгізу барысы бірнеше жылға созылды. Сонымен бір мезгілде барлық жерлерде латын әліпбиін үйрету ісі ересек халықпен жастарды түгелдей қамтыла жүргізілді. Латын жазуын үйренуге ықылас білдірушілер қатары күннен-күнге көбее түсті. Алайда жаңа әліпбиді үйрететін мұғалімдердің аздығы мен оқу құралдарының жетіспеушілігі және де оқу сағатының аздығы үйренушілерге кедергі келтірді.

Біртіндеп латын әліпбиі білім, ғылым және мәдениет салалары мен жергілікті халық тұрмысына толықтай енгізілді. Жаңа әліпбиге көшу жұмысы қалалық мектептерде аса қарқынмен жүргізілді. Мектептерде арнайы ұйымдар мен үйрімелер ашылып, жеті сайын латын тілінен сабақтар жүргізіліп, үгіт-насихат ісі қолға алынды.

Ұйғыр, татар және өзбек халықтарының арасында жаңа әліпбиді еңгізу мәселесі қазақтармен бірдей сатыда жүргізілді. 1928-29 оқу жылынан бастап өзбек және татар мектептері толықтай жаңа әліпбиге, жаңа өзбек және татар орфографиясына көшті. Қалалық орыс мектептері V топтан бастап қазақ тілін міндетті түрде оқи бастады. 1928-1930 оқу жылынан бастап орыс мектептерінде қазақ тілін оқыту толығымен жаңа әліпбиге көшірілді.

Жаңа әліпбиге көшудің өз қиыншылықтары болды. Латын жазуының кейбір әріптерінің жиі өзгеріске ұшырауы оны қабылдаушылар арасында түсініспестік туғызды. Латын әрібінің кейбіреулері бірнеше рет өзгеріске ұшырап, оқытушылардың өздері де жазу барысында қай әріпті қолдану керектігін білмей қиналған кездері жиі кездесті. Латын әліпбиін жасауда мамандар арасында қайшы пікірлер туындады. Әліпбиді насихаттау барысында жас ерекшеліктері ескерілмеді. Мәселен, егде адамдарға әліпбиді үйрету мәселесі ұмыт қалдырылып, нәтижесінде сауатсыздар қатары көбейді. Мамандардың жетіспеуі әліпбиді үйренуде көп кедергілерге алып келді. Нәтижесінде жазу мен оқу үдерісі өте баяу жүргізіліп, жұртшылық арасында шала сауаттылар қатары көбейді. Латын әрібіндегі оқулық және тағы басқа насихат құралдарын шығаратын баспаханаларда әріп қалыбы жетіспеді.

Жаңа түркі жазуының негізін ұзақ талқылау мен өңдеуден кейін 1929 жылдың 7 тамызында КСРО Орталық Атқару Комитетінің төралқасы мен КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі «Жаңа қазақ алфавитін (әліппесін) енгізу» турасындағы қаулыны қабылдады. 14 тамызда жаңа әліпбиді Халық ағарту комиссариатының барлық жағдайды ескере отырып, бүкіл қазақ мектептеріне латын әліпбиін толықтай енгізудің соңғы мерзімін 1930 ж. 14 тамызына, яғни Қазақстанның 10 жылдық мерейтойына дейін аяқтауды белгіледі. 1930 жылы құрылған жаңа түрік әліпбиінің Орталық Комитеті 1933 жылы КСР Одақтық ОАК-нің жанындағы жаңа әліпбидің Бүкілодақтық орталық комитеті болып қайтадан құрылып, 40 жылдың соңына дейін жұмыс істеді.

Қазақстанда латын жазуынан кириллицаға көшіру мәселесі ұлт зиялыларының еңбектерін, әдеби шығармаларын орыс тілінен аударудан басталды. 1934 жылдың 1 қаңтарындағы Қазақ АКСР-і ХКК-нің «Қазақ

жазушыларының шығармаларын орыс тіліне аудару үшін төленетін 10 мың сом бөлу» турасындағы бұйрығы шығып, біртіндеп қазақ тіліндегі шығармаларды орысшаға аудару мәселесі қолға алына бастады [4].

Ал БК(б)П ОК-і мен Одақтық ХКК-нің 1938 ж. 13 наурызындағы «Ұлт республикалары мен облыстарында міндетті түрде орыс тілін оқыту» жөніндегі шешімнің қабылдануы орыс әліпбиін қабылдаудың уақыты жеткенін білдірді. Осы қаулы негізінде 5 ақпанда Қазақ КСР ОАК мен ХКК-нің бұйрығы шығып, міндетті түрде қазақ мектептерінде орыс тілін оқыту турасында қарары қабылданды.

Орыс тілін барлық қазақ мектептерінде оқытудың қажеттігі «біріншіден, КСРО-дағы көпұлтты халықтардың өзара байланысы мен шаруашылық пен мәдени саласының одан әрі дамытады, екіншіден, ұлт кадрларына орыс тілін білу ғылыми және техникалық таным саласында жетіле түсуіне жол ашады, үшіншіден, қазақ еңбекшілеріне Жұмысшы-Шаруа Қызыл Әскері мен Әскери-Теңіз Флотында әскери қызметін сәтті атқаруға барлық жағдайды туғызады» деп түсіндірілді. Осы үш себепті негізге ала отырып Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесі мынадай қаулы қабылдады:

1. 1938 жылдың 1 қыркүйегінен бастап барлық қазақ мектептерінде орыс тілін міндетті пән ретінде енгізу;

2. Барлық бастауыш қазақ мектептерінде орыс тілі сабағын 2 сыныптан, ал барлық толық емес орта және орта мектептерде 3 сыныптан бастап өткізу;

3. Бастауыш, толық емес орта және орта мектептерде оқылатын орыс тілі пәнінің қажетті ынғайына қарай бөліп көрсету.

Бұл қаулы негізінде бастауыш, толық емес және толық орта мектептердегі орыс тілін оқытудағы сағат саны нақты белгіленді. Орыс тілі мен орыс әдебиетін оқыту, Оқу-ағарту комитетіне 1938-39 оқу жылына арналған орыс тілі оқулықтарын, әліппесін, оқу кітабын, грамматикалық оқу кітабын шығару жүктелінді. Сонымен қатар орыс тілі пәніне арналған қосымша әдістемелік оқу құралдары мен сөздіктер шығару мәселесі де қойылды. Орыс тілі сабағын осы тілді жақсы білетін қазақ мұғалімдері немесе қазақша жақсы білетін ұстаздар жүргізуге тиісті болды. Арнайы қысқа курстар ашып, орыс тілі мамандарын даярлау міндеттелінді. 1 қыркүйектен бастап барлық жоғары оқу орындарына, атап айтқанда педагогикалық училищелер, мұғалімдік, педагогикалық институттар мен Қазақ Мемлекеттік университетінде міндетті түрде орыс тілін оқыту, олардың бағдарламаларына осы пәнді енгізу және арнайы үш жылдық орыс тілі мен әдебиетін оқытатын бөлім ашу көзделінді. Осы қаулыда айтылғандарды Оқу-ағарту комитеті тиісті бақылауына алып, тексеріп отыратын болды [5].

Тура осы күні Қазақ КСР ХКК-і мен Қазақстан ОАК-нің «БК(б)П ОК-і мен Одақтық ХКК-нің ұлт республикалары мен облыстарында міндетті түрде орыс тілін оқыту іс-шараларын жүзеге асыруға байланысты қабылдаған қаулының орындалу барысына байланысты қаулы қабылдап, әр облыстан орыс тілін жүргізетін ұстаздарды даярлайтын курсқа қанша адам қабылдау жөнінде шешім шығарды. Мәселен, Ақтөбе облысынан бұл курсқа – 40,

Алматы облысынан – 75, Шығыс Қазақстаннан – 55 адам қабылданатын болды [6, с. 156-161.].

12 сәуірде республиканың Халық ағарту комитеті барлық облыстық, қалалық, аудандық халық ағарту бөлімдеріне орыс тілін оқытудың сапасын көтеру жөнінде бұйрық берді. Онда орыс тілін оқытудың саяси және мәдени маңызы барлығы айтылып, міндетті түрде орыс тілін енгізуді қолға алу қажеттігін көрсетті [7].

Бұдан кейін барлық ұлттық мектептерге орыс тілін оқыту мәселесіне орай бірнеше қаулы-қарарлар қабылданды. Кеңес өкіметіне жат буржуазиялық ұлтшылдардың бұл шешімдерге қарсы шығып отырғандығын да баса көрсетіп, олардың іс-әрекеттеріне бой бермей, барлық қажетті деген шараларды жүзеге асыру көзделінді. Осы жылдың өзінде мектептерде оқытылып жатқан орыс тілінің жағдайы жайында есептер беріле бастады. Мектептердегі кемшіліктер анықталып, үкімет шешімін орындамағандарға қатаң сөгістер берілді. Бұл кемшіліктердің шығуына ұлтшыл халық жауларының ықпалы себеп болды деген тұжырымдар да айтылды. Барлық үкімет мекемелерінде, жоғары оқу орындарында орыс жазуына көшу мәселесіне орай қызу талқылаулар өткізіле бастады.

«Орыс жазуы» мен оның емлесіне қатысты С. Жиенбаев, М. Балақаев, Ш. Сарыбаев, С. Аманжолов, І. Кеңесбаев және т.б. тіл мамандары арасында түрлі пікірлер айтылды. Жаңа жазудың орфографияның қиын тұстары барлығы, бұл кірме сөздерге ғана емес, төл сөздерді дұрыс жазуға да қатысты екендігі талдауға алынды. Мәселен, 1939 ж. 16 наурызында ұлт зиялыларының арасында орыс әліпбиіне көшу мәселесіне орай кеңес тартысты өтіп, тіл мамандары арасында түрлі пікірталас туындады.

С. Аманжолов орыс тілі әртүрлі ұлттар арасындағы қатынас тілі болып отырғандығын, 30 ұлттар осы орыс жазуына бірден көшуі, қазақ халқын да осы жазуға көшуге түрткі себеп екендігін атап, орыс жазуын қабылдаудың дұрыстығын қолдады. Оның ойынша, орыс жазуына көшу елдің сауаттылығын арттырады. Ол орыс жазуына көшуде қандай қиыншылықтар туындауы мүмкіндігін де жасырмады.

Ғ. Мүсірепов, С. Бәйшев, М. Әуезов, Н. Саурамбаев, Х. Әділгереевтер де орыс жазуының латыннан қарағанда жеңілділігін растай отырып, орыс әріпін қазақ жазуына ыңғайлауда Әзірбайжан республикасының жасаған жобасын негізге алып жасау мәселесіне тоқталған [8].

1939 жылдың 13 желтоқсанында «Жаңа әліпбиге көшуге даярлық жасау» жөніндегі Орталық комитеттің қаулысы жарық көрді. Онда жаңа жасалған әліпбиді көпшілік талқысына салу, одан кейін Қазақ КСР ХКК-і мен К(б)П ОК-нің талқысына беру мәселесі айтылды. Осы жылдың 20 желтоқсанынан 1940 жылдың 15 қаңтары аралығында барлық облыстық, қалалық, аудандық партия, комсомол, кәсіподақ белсенділері мен зиялылар арасында, ұжымдарда жаңа әліпбидің жобасын талқыдан өткізу белгіленіп, облыстық орталықтарға, ірі қалаларда әліпбиге байланысты жиылыстар өткізу үшін арнайы мамандарды жіберілді [6, с.177-178].

1940 ж. 2 қарашасында Қазақ КСР ХКК-нің «Латындандырылған қазақ жазуын орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы» қаулы қабылданды. Бұл қаулы бойынша 41 әріптен тұратын жаңа әліпбидің 32 әрпі орыс жазуына, ал қалған 9-ы қазақ тіліне ыңғайландырыла жасалды. Атап айтқанда і, қ, ғ, ң, ө, ә, ү, ұ, һ сияқты әріптер енгізілді.

Осы жаңа әліпби жүйесіне барлық мемлекеттік мекемелер мен қоғамдық ұйымдар 1941 жылдың ақпанына дейін толық көшіп болуға тиісті болды. Мерзімді басылымдар да осы мерзімге дейін толық орыс жазуына көшірілуі көзделінді. Сондай-ақ барлық бастауыш, орта, жоғары оқу орындары да осы мерзімге дейін көшуге міндеттелінді. Бұл аталған іс-шаралар жүзеге асуы үшін үгіт-насихат жұмыстарын өрістетуге, арнайы үгітшілерді даярлау, мұғалімдер үшін екі апталық курстар ашу, барлық баспаханаларды орыс жазуына ыңғайлап даярлау, талқылаудан өткен жаңа орыс жазуын Қазақ КСР-нің V Жоғарғы Кеңесі сессиясына бекітуге қою көзделінді [6, 178-179-бб.].

1940 ж. 13 қарашасында 2 қарашадағы қаулы негізінде «Латындандырылған қазақ жазуын орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы» Заң қабылданып, орыс графикасына көшу елдің саяси және мәдени дамуына әсер тигізетіндігі, сондай-ақ КСРО құрамындағы ұлттар арасындағы достықты нығайта түсетіндігі айтылды. Жаңа жазбаға көшудің нақты мерзімі белгіленді. Бұл Заң республиканың өлкелік мерзімді басылымдарында жарияланды.

Заң қабылдана салысымен ХКК-і орыс графикасына көшірудегі іс-шараларды қадағалайтын арнайы комиссия құрылып, төрағалығына ХКК-нің төрағасы Н. Ондасынов сайланды. Оның құрамында Қ. Шәріпов, Ғ. Бұзырбаев, М. Әбдіқалықов, С. Бәйішев, Киселев, Резник, Ә. Сәрсенбаев, І. Кеңесбаев, С. Аманжолов сияқты зиялылар болды [6, 181-182-бб.].

Бұл комиссия әр облыс, аудан, ірі қалаларда жүргізіліп жатқан жұмыстарды қадағалап, бұл жайында есеп беріп отырды. Орыс графикасында мектеп оқулықтары жасалып, «Халық мұғалімі» журналы мен «Сауатты болуға көмекші» газетінде жаңа әліпбиге арналған мақалалар тізбегі жарияланды.

Орыс графикасына ауыстыру жұмысын бірнеше жылдарға созу мәселесі шешілсе де, орыс емес халықтар сол кездің өзінде толықтай кириллицаны меңгеріп алған еді. Қазақстанның мерзімді басылымында бірнеше жылдар бойы материалдар орыс әліпбиі (кириллица) мен латын негізінде қатар жарияланып тұрды. Бұл халықтың жаңа әліпбиді тез меңгеруі үшін жасалды.

Латын әліпбине қарағанда қарапайым халық орыс жазуын жеңіл қабылдады. Ұлы Отан соғысы басталғанға дейін республиканың барлық тұрғындары орыс жазуын толықтай меңгерді. КСРО түркі халықтарының жазуы ретінде Ұлы Отан соғысы кезінде орыс әліпбиінің (кириллица) енгізілуіне байланысты комитет таратылды.

XX ғасырдың 20-40 жылдары қазақ жазуын үш бірдей арабқа, латынға, латыннан орыс жазуына(кириллица) көшіру еліміздің мәдени даму барысына біршама кедергілер келтірді. Бұл біріншіден, жаңа әріп жасауда, оны

насихаттауда, жаңа оқу құралдарын, кітаптарды шығаруда баспаханаларды ыңғайлауда көп қаражатты қажет етсе, екіншіден, араб жазуынан енді латын жазуын қабылдап, терең біліп келе жатқанда орыс жазуына көшіру тұрғылықты халықтың арасында қобалжулықтарды да туындатты. Алайда үкімет пен партия бұның бәрін халық жауларының әрекетіне таңды. Сонымен қатар қазақ жазуының бірнеше рет өзгеріске ұшырауы мәдени құндылықтарымызды пайдалануда біршама қиындықтар тудырды. Араб, латын әрібінде жазылып, жарық көрген көптеген кітаптарымыз кітапхана сөрелерінде жатып қалды.

Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан Халықтарының Ассамблеясының XII сессиясында қазақ әліпбиін латынға көшіру жөніндегі мәселеге қайта оралу керектігін жөніндегі сөзі және 2012 жылғы Жолдауындағы тапсырмасы Қазақстанның латын әліпбиіне көшуі қажеттігін нақтылап берді. Қазіргі таңда латын әліпбиіне көшу мәселесіне орай мемлекетімізде түрлі талқылаулар өтіп, осы мәселе төңірегінде түрлі іс-шаралар жүргізіле бастады.

1 Қазақ әдебиеті. 1989. 6 январь.

2 Еңбекші қазақ. 1928. №137. 20 июнь.

3 Төрекұлов Н. Жаңа әліпби неге керек? М., 1924.

4 ҚРОММ. 81-к., 3-т., 225-іс. 85-п.

5 ҚРОММ. 1692-к., 1-т., 19-іс. 3-5-пп.

6 Языковая политика в Казахстане (1921-1990). Сборник документов. А., 1997.

7 ҚРОММ. 1692-к., 1-т., 215-іс. 74-п.

8 ҚР ПМ. 718-к., 3/2-т., 38-іс. 1-33-пп.

### **Резюме**

В статье всесторонне рассматривается решение правительства о переходе с арабской графики на латинизацию, с латиницы на кириллицу в конце 30-х гг. XX в. Автор проанализировал различные точки зрения на принятие латиницы и кириллицы, определил роль казахской интеллигенции в подготовке проекта русского алфавита.

### **Summary**

In this article the author comprehensively considered the government's decision about transition from the Arabic to the Latin alphabet, and from the Latin to the Cyrillic alphabet in the late 30-s of the XX century. After analyzing the various points of view about acceptance of Latin and Cyrillic alphabets, the author defined the Kazakh intellectuals' role in preparation of the Russian alphabet's project.